

Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2014 жылғы қаңтардан бастап наурызға дейін Петропавл қаласы аумағында тіркеу және медициналық куәландыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы N 19 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 желтоқсанда N 2427 болып тіркелді

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16-бабына, «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 қаулысына сәйкес қала әкімі **ШЕШТІ:**

1. Тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2014 жылғы қаңтардан бастап наурызға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру учаскесіне тіркеу және медициналық тексеру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін (келісім бойынша).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Е.С. Баллоға жүктелсін.

3. Осы шешім оны алғашқы рет жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі
КЕЛІСІЛДІ

Т. Закариянов

«Солтүстік Қазақстан облысы
Петропавл қаласының
Қорғаныс істері жөніндегі
басқармасы» мемлекеттік

мекемесінің бастығы

Д. Ғабдуллин

6 желтоқсан 2013 жыл